

## ХАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ ХАҚЫНДА

*Шолпанбаева Ғ.А., Байменова Б.Ж.,*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ*

Қазіргі жастардың ақыл парасаты құлдырау үстінде. Олар аяқ астынан бөлеге ұрынып, абыройынан айырылып қалатын жәйіттер де баршылық. Осы кезде оларды жақсы тәрбие ғана түзеп, дұрыс жолға сала алады. Кейбіреулер білімді болса тәрбие өзі-ақ қалыптасады дейді. Сондықтан білімді болған жөн деседі. Білім алғанның бәрі жақсы тәрбиелі бола алмайды. Білім алу үшін де тәрбие қажет. Тәртібі осал, ата-анасының ақылын алмай сабақ бетіне қарамайтын бала қалай білімді бола алады. Бір сөзбен айтқанда тәрбиелі болса ғана білім алады. Тәрбие ақылмен тығыз байланысты. Адамды адам қылатын – ақылы. Ақылсыз адамға дұрыс тәрбие қалыптаспайды. Халқымызда “Ақылдыға ерсең адаспайсың” деген тәмсіл бар. Ата-ана мен аға буындардың ақылын алып, солар сілтеген дұрыс жолмен жүретін болса, жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие мүлдем қалыптасады. Бірақ оларға тіршілік еткен ортадан әсер ететін тәлім- тәрбие де жоқ емес. Әсіресе бала үлкендерге еліктегіш келетінін ескерген жөн. Баланы дұрыс тәрбиелеу тек әке-шешенің ғана міндеті емес. Бұл баршаның ісі. Бала-біздің болашағымыз, қоғамның бір мүшесі және оны ары қарай дамытушы, келешек кемеңгері, саясаткер, ел ағасы. Сондықтан баланы инабаттылыққа тәрбиелеу – бәріміздің абзал борышымыз. Тәртіп, баланы салауатты тепе-теңділікпен өмір сүруге үйретеді. Тәртіп баланың дұрыс және терісті, халал мен харамды айыру, өзін бақылау, адамгершілік қарым-қатынастарына шек қоя білу, жақсы жаманды айыра алатын т.с.с сана-сезімдерін қуаттандырады. Баланың қасында ғайбат сөз айту, оғаш қылық көрсету орасан зор зиянды екендігін біз білуге тиіспіз. “Ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады” деген мәтел осыны ескертеді. Аллаһтың іліміне негізделіп, құдіретімен жазылған “Ғалам” атты кітапта: “Бойдағы ақыл-жігерді ақылмен басқара біліп, ақылы мен ар-ұжданының үніне құлақ асқандар ғана ақиқатқа көз жеткізеді” делінген. Қайсысы пайдалы дегенді сараптаған тура. Ата-бабаларымыздың “қабырғаңмен ақылдас” дегені ісінді әуелі жақсылап ойланып баста дегені ғой. Сол себептен бала өзі мәселені дұрыс шеше алатын халде болуы керек.”Ашу –дұшпан, ақыл-дос, ақылыңа ақыл қос” деп тегін айтпаған бабалар.

Мұсылманның міндеті салауатты істен таймау болып табылады. Парасатты әрекет адамның өз іс-әрекеттері мен ұстанған жолының ең жақсы, ең дұрыс жол екеніне кәміл илана отырып, көңілін өзгелерге деген жаман пиғылдан таза ұстауын білдіреді. Ардақты Пайғамбарымыз:”Бір-бірлеріңе теріс қарамаңдар, кек сақтамаңдар, бір-бірлеріңді көре алмай жүрмеңдер, қарым-қатынастарыңды үзбеңдер, ей, Аллаһтың құлдары, дос болыңдар” – деп ескерткен. Бұл хадистегі тәрбиелік мән. Әр адамның тағдыры тәрбиеге тығыз байланысты. Жақсы тәрбиені әр адам ерінбей жалықпай бар күш ынта жігерін жұмсап барып өзі тауып алады. Жақсы тәрбиелі адам жырғаулы өмір сүре алады. Яғни басқаға кіріптар болмайды. Ақылсыз бала теріс тәрбие алады да өмірі күңгірт, көлеңкелі болады. Қысқасы күлдікөмеш өмір кешеді деген сөз. “Тәрбие тал бесіктен” емес, тіпті, ана құрсағына бала пайда болған кезден басталатындығы ғылымда анықталған. Баланың тәрбиесіне әке-шешесінің атқаратын рөлі орасан зор. Ата-ана бала тәрбиесінің негізін дұрыс қалап берсе олар ары қарай өзін -өзі алып кетеді. Егер алғашқы мағлұмат тәрбиені дұрыс бере алмаса бала теріс тәрбиелі болады. Әкеге қарап ұл, шешеге қарап қыз тәрбиеленетіндігін білгенімізбен аса мән бермегендіктен теріс тәрбиелі болып балалар қылмыс-қайшылыққа көптеп ұрынуда.”Алдыңғы арба қалай жүрсе соңғысы да солай” демекші кейбір содыр әке-шешенің былық-шылығына олар еліктеп теріс жолмен кетіп өмірден адасуда. Ақыл парасаты аз, жеңілтек, ұшқалақ кейбірі ішімдікке беріліп, ес ақылынан айырылып әртүрлі қылмысқа да ұрынған ата-анадан не қайыр. Қылмыс-қайшылыққа ұрынып сотталып сорлап жүргені де көп. Әке-шеше, құлдыраса құлықсаналық жағынан балаға кесепаты тиіп көңіл-күйді құлазытады. Еліміз көлемінде заңды мүлтіксіз орындау жұмысы өте қанағатсыз. Қылмыс қайшылықтың алдын алу, заң насихаттау жұмысы аймағымызда өте төменгі деңгейде жүрілуде. Сондықтан жастарды тәрбиелеу үшін ата

бабадан бері жалғасып келе жатқан наным-сенім, ырым, салт-дәстүр мен ата дініміздің тәрбиелік маңызын ерекше пайдаланғаны жөн. Біздің дініміз тәрбиелік маңызды дін. Ислам дінінде ұрлық істеуді харам деп шектегендіктен өркениетті мұсылман елдерінің халқы дүние-мүлкі ашық-шашық жатса да біреулер оны қымқырып-жымқырмайды. Жетім-жесірдің ақысын жемейді, керісінше кем-кетік, кедей-кепсек, ауру-сырқау қамқоршы болып қол ұшын беріп жәрдемдеседі. Міне мұның бәрі нағыз мұсылмандық, адамгершілік қасиет. Жүрегіне иман ұялаған пенде ар-ұятты, ақыл-парасатты болады да ұрыс-төбелес, жанжал, ұрлық, зорлық-зомбылық, маскүнемдік сияқты жат қылыққа, арамдыққа бармайды. Қысқасы қандай да бір қылмыс-қайшылыққа ұрынбайды. Жалпы білім беретін мектептерде этика, әдеп сабағы жүрілуі тиіс. Әрбір имам, қажылар, діни сауаттылар бұл іске құлшына кірісіп, діни тәлім-тәрбие жасаса ортамыздағы пасықтар, күнәкарлар, сатқындар, күншілдер, жемқорлар, паракорлар, жалақорлар азайып, тәртіп жақсарып, қазақ халқы парасатты, ақыл ойлы, бауырмал, өнегелі ел болар еді. Тәртіптілік қоғам дамуына да жақсы әсерін тигізетіндігі дамыған ислам елдерінің тәжірибесінен байқалып отыр. Қыз бала тәрбиесі. Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданады. Жарық пен жылу, от пен су жоқ жерде тіршілік жоқ, ал осылардың көктегі көзі – күн, жердегі көзі – адамзат. Адамдардың бір-біріне мейірімі мен ұлағатты тәрбиесі тіршілікті сақтайды. Тәрбиесі түзелмей елдің көсегесі көгермейді, отбасы түзелмей болашақ түзелмейді. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала болашақта да сол әдебін сақтамақ. Әдепті, инабатты, адамгершілігі мол, сыпайы қыз тәрбиелеу – бүгінгі мектептің, қоғамның және ата-ананың негізгі міндеті. Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала ержеткенде сол әдетін сақтайды. Қазақ халқының мақсаты – әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу. Қыз бала бойжетіп, әке-шешесінің, бауырларының ортасында бұлғақтаған дәуренін қалдырып, басқа бір үйге келіп келін атанады. Өз шаңырағын көтеріп, үй мен шаруаға иелік етіп, түтін түтетеді, ана болып өмірге перзент әкеледі. Жар құшып, ана болу – қыз баланың мақтанышы, әрі бақыты. Бұған әсіресе ата-ана қуанады. Қыздың бойжетуі, яғни, жан-жақты жетіліп, белгілі дәрежеде өмір тәжірибесіне ие болуы заңды құбылыс. «Қыздың жолы жіңішке», «Қызға қырық үйден тыю» деген сияқты халықтық тәлімгерлік талаптарының мәнін түсініп қана қоймай, бойжеткен одан өзіне қатысты қорытынды шығара білуі, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысын басшылыққа алуы керек. Ұят-әдеп жоралғыларын белден басып, отырғанда, тұрғанда өзінің әйелдік жаратылысын ескермейтін, қызға, келінге жарасатын қымсыну, қызару, тартыну, имену дегендер ойына кіріп-шықпайтын қыз өзіне ғана емес, ата-ана, бауыр-туғандарына сөз келтіріп, жерге қаратады. Сондықтан, қыз ибасы, қыз әдебі дегенге жеңіл-желпі қарауға мүлдем болмайды. Біздің халық ұрпақ тәрбиесінде екі нәрсені естен шығармаған. Біріншіден, дүниеге келген ұрпақтың жалпы тәрбиесіне баланың ержеткенге дейінгі бағым-күтімі, жүріс-тұрысы бәрі-бәрі енген. Екіншіден, ұл мен қыздың тәрбиесін екі бөліп жүргізуге тырысқан. Мұнда негізінен ұлдың тәрбиесі әкеге, қыздың тәрбиесі шешеге байланысты жүргізілген. Олардың әдепті, тәрбиелі, тындырымды, іс-әрекеті тиянақты болуын қадағалаған. Соған орай ақыл-кеңес беріп отырған. Ұлы ғұлама Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова: «Қыз баланың мына өмірдегі міндет-парызының жүгі ауыр», әрі ардақты. Ол – адамзат ұрпағын өмірге әкелетін болашақ ана, үй ұстап, жар күтетін адал жар, ата-ене сыйлап, илетін қамқор келін. Ол осыны қаласын-қаламасын, бұл – өмір заңы» – деген. Соңғы кездері қыздарымыздың арасында темекі тартып, нашақорлыққа бой ұрғандары да кездеседі. Келешекте ондай қыздар өмірге қандай ұрпақ әкеліп, қандай тәрбие бермекші? Қыз баланың тым әлем-жәлем киініп, көзге түсуге тырысуы, орынсыз боянып сылануы ерсі болады. Сонымен қатар, өзінің сырт пішініне, киім

сәніне немқұрайлы, салғырт қарауы да келіспейді. Бұл оның тәрбиесінің жетімсіздігі, төмендігі. Қазіргі заман ағымына сай қыздар тәрбиесінде төмендегідей басты мәселелерге көңіл бөлінуін баса айтқым келеді:

- Ата-аналармен тығыз байланыста болу, баласы туралы пікір алмасып әңгіме жүргізіп отырып тәрбиелеу өз нәтижесін бермек. Себебі, қай бала болса да (қыз, ұл) алдымен тәрбиені отбасынан алады, ата-анасына еліктейді, соларды қайталағысы келеді, ал бала жас шыбық тәрізді, қалай баулыса солай қарай бой түзейді.

- «Қызға қырық үйден тыйым» деп, қыз баланың әлдебір іс-әрекетіне үзілді-кесілді тыйым салу, жылылық танытпай ұрысып, зеку зиян, керісінше баланың жағдайымен санасып сеніміне кіру, сырласып дос бола білу керек.

- Отбасы дұрыс, мәдениетті қарым-қатынаста болуы.

- Өз ұлтының намысын жоғары қоя білетін, елінің сөзін сөйлейтін жас ұрпақты баулып, тәрбиелеу үшін «мұны білуге әлі ерте, оған тыйым салынады» деген тежеулерді алып тастап, баланы бұғаулы ойдан, шектеулі ұғымдардан құтқару қажет, қайта баланы ойын еркін айта білуге жетілдіріп, білігіне жетелеп отыруымыз керек.

- Жас ұрпақты адамға тән табиғи сезіммен өмірді, табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге үйрету.

- Жаратылыстың ақиқатын, болмысты ашық, бүкпесіз көрсетіп ұғындыруға арналған мектеп – шындықты үйрету мектебі болуы керек.

Бала тәрбиесіне байланысты ата-аналарға арналған кеңестер:

Балалар ата-анасының айтқанын неге тыңдамайды? Біз соған апаратын себептердің біразына тоқталып өтейік. Осыған орай ата-аналар назар аударып, бала керек болса шешімдерін ойластырады деген сенімдеміз.

- Ең басты себеп мектептегі балалардың, әсіресе қыз балалардың бос уақыты. Олар сабақ біткен соң тіке үйге қайта ма, әлде көше кезіп, басқа жаққа кете ме. Жауабы анық, көптеген оқушылар сабақтан босаған соң үйге кешігіп барады. Олардың қайда жүргені ешкімге керек емес. Бала қаңғыбастыққа үйренеді. Кейін әке-шешесінің тыйымын құлаққа ілмейтін болады. Бұдан шығатын қорытынды, баланы үнемі бақылауда ұстау қажет.

- Соңғы жылдары мектеп оқушыларына зорлық-зомбылық көрсету көрсеткіші тым өсіп кетті. Оған себептер көп-ақ. Қарағанды, Шымкент, Ақтау, Ақтөбе, Алматы, айтайын дегенім еліміздің қай аймағын алсаңыз да қорқынышты мәліметтер алдыңыздан шығады. Ащы шындық, қыз балалардың көйлегі әбден қысқарып кетті. Қаладағы жағдай да осы, ауылдағы жағдай да осы. Айталық, жалаңаш қыздар көп. Оған құмартатын еркектер де жетерлік. Бірақ құмартқанның бәріне қол жете бермеген соң санасы уланған бұзықтың қолынан бар келетіні мектеп оқушысын күшпен көндіру. Елімізде орын алып жатқан оқиғалар бұл сөзімізге айқын дәлел бола алады. Бұдан шығатын қорытынды, мектептегі жүйе деген сылтауға жүгіне бермей, қызыңыздың етегін жоқ дегенде тізесінен төмен түсіріп қойыңыз. Ол үшін сізді ешкім де жазғырмайды. Оған сіздің ата-ана ретінде толық құқыңыз бар. Иә, бүгінгі мектеп оқушыларының көйлегі әбден қысқарды. Қызыңыздың болашағына селсоқ қарамаңыз. Әсіресе киім кию әдебі жіті назарда болсын.

- Үшінші себеп – баланы ақшамен баурау. Біздер балаларымызға тәтті шоколад, балмұздақ, әдемі әрі қымбат киім алып бергенімізге кәдімгідей масаттанамыз. Алайда тәттінің ісі біткенмен жанның ісі қайда қалды?! Тәнге қарағанда жан қымбат еді ғой. Олай болмай тұр. Балаларымызды әбден еркелетіп жібердік. Тіпті кейбір ата-аналар көлік алып беріп жатады. Бұл сонда не болды? Бұл дегеніміз баланы өлімге итермелеу. Болашағын талқандау. Еркеліктің де шегі бар еді. Оны да ұмыттық. Бұдан шығатын қорытынды, әрбір ата-ана үйге келіп жатқан қаржыны қайдан келді, қандай қиындықпен келді, осы жағын ашып айтып отырғаны дұрыс. Бала сонда ойланады. Ысырапшылдықтан бір қадам болса да алыс жүреді.

Бала тәрбиесіндегі балабақшаның рөлі:

Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолда-

нып, қарастыру әрбір ұжымның тапқырлығы мен іскерлігін, ізденімпаздығы мен шығармашылығын талап етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби оын әрбір ұстаз, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса нұр үстіне нұр болар еді. Оқу мен тәрбие – бір-бірінен бөлек алынып қаралмайтын күрделі процесс. Жаңа заманның жаңашыл ұстазы осы екі үрдісті бірдей теңестіріп алып жүру оның шеберлігі мен іскерлігін көрсетеді.

Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан аталары айтқан даналық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ керек екенін айқындайды. Өйткені елдің ертеңгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік артып отыр. Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым- қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті – бәрі де балаға үлгі -өнеге. Бүгінгі балалар тез жетіліп келеді. Олар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар жан-жақты жетіледі. Біз бүгінгі тақырыбымызда қаламыздағы екі балабақша жайында ой қозғамақпыз. Оның бірі мемлекеттік, екіншісі жеке меншік балабақша. №2 «Жанар» мемлекеттік балабақшасына кірген кезде әдемілікті сезіндік. Өйткені ауласы жасыл-желекке оранған. Ғимараттың іші таза. Ең бастысы балалардың періштедей жарқын жүзін көргенде болашағымыздың тірегі осылар екен деп, іштей қуандық. 1989 жылы іргетасы қаланған балабақша бүгінде талай қиындықты артта қалдырып, қаладағы алдыңғы қатарлы балабақшаның біріне айналды. 69 қызметкері бар берекелі ұжым балаларды тәрбиелеуде. Балабақшаның сыйымдылығы 300 орынды қамтиды, қазірде 280 баланы қабылдап отыр. «Жол картасы» бағдарламасы бойыша жөндеуден өткен. 12 топтың ішінде үш пен бес жас аралығындағы бүлдіршіндер бос уақытын тиімді өткізеді, әр топта 25-30 баладан бар. «Ұстаздарымыздың бәрі білікті мамандар, 29 педагог, соның ішінде: жоғары санатты – 4, бірінші санатты – 9, жоғары білімді – 8, аяқталмаған жоғары білімді – 2, орта –13, аяқталмаған орта білімді – 6 оқытушымыз бар. Баланың жасына сай сабақтар, сонымен қатар қосымша ағылшын, орыс тілі, тіл дамыту, айналамен таныстыру, валеология, сауат ашу секілді пәндерді оқытамыз. Ән-күй, дене тәрбиесімен айналысатын бөлме жұмыс істеп тұр. Ән, би өнеріне баулимыз. Балаларымыздың тәртібі жақсы, алғыр да зерек. Балабақшамызда толықтай жағдай жасалып отыр. Тек қана саз пәнінің мұғалімі жетіспейді», – дейді балабақша әдіскері Айжан Қуанышқалиева. – Айтпақшы, әдіскер Айжан қалалық «Үздік әдіскер» байқауында 2-ші орынға ие болған. Балабақшада «Балбөбек», «Біз мектепке барамыз», «Алғашқы қадам», «Зерек», «Мектепалды дайындық», «Қайнар» бағдарламасы бойынша балалармен жұмыстанады екен. Біздің балаларымыз қаламызда ұйымдастырылатын мәдени шараларға белсенді түрде қатысады. Қатысып қана қоймай, жүлделі орынға да ие болып жүр. А. Бижанова, А. Кутейнова, А. Мәденов, Е. Айзакова, А. Әлімжанова секілді балаларымызбен және А. Ермекова, М. Бұлкебаева, Қ. Кеңесбаева сияқты тәрбиешілермен мақтанамыз», – дейді балабақша тәрбиешілері. Балабақшаның дамуына үлес қосқан қызметкердің бірі Күләнда Мысаева. Ол балабашаның алғашқы ашылған кезінен бері осы күнге дейін абыроймен еңбек етіп келе жатқан тәжірибесі мол қызметкер. Және балабақшаның материалдық-техникалық базасының нығаюына, ғимарат пен тәрбиеленушілердің бөлмелерінде техникалық талаптарда белгіленген санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелердің толықтай сақталуына өз үлесін қосып келе жатыр. Сондықтан балаларды ерекше күтіп, тәрбиелеу керек. Әсіресе, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіміз қажет. Және баланың үйде отырмай, балабақшаға барғаны жөн. Өйткені, бала сыртқа шықса, айналадағы ортаға үйренеді, мінезі тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша

ең алдымен баланы тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Баланың ойлау қабілеттерін арттыру арқылы ұрпақты жақсылыққа тәрбиелейміз. Ата-бабаларымыз айтқандай баланың тәрбиесі бесіктен басталады, яғни тәрбиенің негізі отбасынан бастау алады. Балабақша, одан кейін мектеп адамның қоршаған ортада жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады деп ойлаймын. Ата-аналар таңертең бізге балаларын әкеліп, жұмысқа кетеді. Әке-шешесі аманаттап бізге сеніп тапсырып кеткен балаларға жауапкершілікпен қарамауға болмайды. Балалар аман, қуанып жүрсе, бізге одан артық бақыт жоқ. Оларды бір күн көрмесем сағынып қаламын. Бұл балабақша да еліміздің ертеңін сеніп тапсыратын отансүйгіш, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу үшін аянбай тер төгіп келеді. Аталмыш балабақша осыдан бір жыл бұрын, қыркүйектің 22-сінде «Балапан» бағдарламасы аясында «Өркен» шағын ауданы, №21 үйдің жанынан ашылған еді. Одан бері де жылға жуық уақыт өтіпті. Білікті педагог, кәсіпкер Назгүл Шырақбаеваның ұйытқы болуымен бұл балабақша бой көтерген болатын. Балабақшаның ғимараты, материалдық-техникалық базасы барлық талаптарға сай келеді. Қазіргі уақытта бұл жерде 100-ден аса бала тәрбиеленіп жатыр. Кіші жас пен бес жастағы балалар алаңсыз ойнап, тынығып, уақытын өткізеді. Сонымен қатар, мектепалды даярлық тобында балаларды оқытады. Балалар тек тәрбиеленіп қана қоймай, ағылшын, орыс тілін үйреніп шығады. 25 қызметкердің бәрі мәдениетті, сауатты. 11 педагог жоғары білімді. Және «Жол картасы» бағдарламасы бойынша жас мамандар балабақшаға жұмысқа орналасады екен. «Айназ» балабақшасы жекеменшік балабақшалардың арасында үздік атанып жүр. Себебі, бұл балабақша мемлекеттік балабақшадан еш кемдігі жоқ. Ғимараты кең, өз алдына ойын алаңы салынған. Мұнда тәрбиеші апайлары бүлдіршіндерге үстел басындағы тамақтанудың ережелері мен тәртіптерін, тамақтанып болған соң асты қалай қайыру керектігінің бәрін үйретеді. Сондай-ақ балдырғандардың шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында әр түрлі танымдық ойындар, музыка сабағы қосымша өткізіледі. Балабақша ұжымы барлық балабақшалар секілді келешек ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне қызмет етуде. Ашылғанына бір жыл толады. Аз уақыттың ішінде жетістікке жетіп, әдістемелік кітаптарды жаңарттық, бірнеше рет ашық сабақ өткіздік. Әрине, әлі де талай тәжірибе жинап, еңбектенеміз. Бүлдіршіндерге тақпақтарды жалаң жаттатып, ертегілерді құр оқытып қана қоймай, оны сәбидің санасына сіңіріп, мағынасына терең бойлатуға тырысамыз. Ол үшін түрлі көрнекі құралдарды пайдаланып әрі баланы қызықтыратын тақпақтар үйретеміз. Қазақ халқында: «Балаңды бес жасқа дейін патшандай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бес жастан асқасын досындай сырлас» – деген тамаша сөз бар. Бұл – мағынасы терең философиялық өмір шындығы. Шынында да, тәрбие сәби дүниеге шыр етіп келген алғашқы сәттен басталуы керек. Адам мінезі бес жасқа дейінгі кезеңде қалыптасады деседі. Ендеше, жас сәбиді алғашқы күннен бастап тәрбиелеу керек. Балабақшаның санын көбейту керек.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Құлымбетов О. Тәрбие туралы әңгімелер // Ленин жолы, 1974, 9 қаңтар.
- 2 Әлімбаев М. Халық – қапысыз тәрбиеші. – А.: «Білім», 1977. – 55 б.
- 3 Жұртбаев Т. Халық тәрбиесі хақында // Октябрь туы, 1973, 28 ақпан.
- 4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2009. Ақпан.
- 5 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жылғы 3 қараша, №514 бұйрық. 2011 жылғы 8 тамыздағы №349 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.
- 6 Қалиев С.. Мектепте дейінгі тәрбиенің негізін салушы // Отбасы және балабақша. 2007. №6.
- 7 Битянова М.Р.. Организация психологической работы в школе. – М.: «Генезис», 2000. – 298 с.
- 8 Абишева Э.Д. Психологическое обеспечение деятельности психолога дошкольной организации: автореф. дисс. ...канд.психол.наук. – А., 2005. – 26 с.